


**«Тәртіпке бағынған ел құл
болмайды». Тәртіпсіздік неден
басталады? Құқықбұзушылық,
қылмыс жақсылыққа
апармайды**

1-тапсырма «Тәртіп дегеніміз- не?» деген сұраққа ассоциация жасау. Сызбаға жаз.

өділетті, қатаң, жөбірлеу,
қастандық, қорлық, жаза
кесілу

1-тапсырма. «Тәртіп дегеніміз — не?» деген сұраққа ассоциация жасау. Сызбаға жаз.

«Тәртіп» дегеніміз — не?



2-тапсырма

Берілген сөздердің синонимдерін, антонимдерін тауып,
жаз. Сөз тіркестерінен сөйлем құрастырып айт.

Тәртіп, қылмыс, жеке куәлік, жауапқа тарту,
құқықтық, бұзбау, жүктелген міндет, қабылдау,
заңдылық.

3-тапсырма .Мәтінді оқып есте сақта.

- Заңның ең басты мақсаттарының бірі - қоғамдағы алуан мінезді адамдарды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Енді осы кезге дейін құқымызды қорғайтын қандай заңдар қабылданғанын көрелік:
- - 1787 жылы дүниежүзіндегі тұңғыш Конституция қабылданды.
- - 1789 жылы 26 тамызда «Адам және азаматтардың құқықтары декларациясы» қабылданды.
- - 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ-да «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы қабылданды.
- - 1959 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясында «Балалар құқы декларациясы» қабылданды.
- - 1989 жылы «Бала құқы туралы конвенция» қабылданды.
- - 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының алғашқы конституциясы қабылданды.
- - 1995 жылы 30 тамызда референдум арқылы бекітілген екінші конституция қабылданды.
- - 2002 жылы 8 тамызда «Қазақстан Республикасындағы Балалардың құқықтары туралы заң қабылданды.

4-тапсырма

«Сұрақты тауып ал». Оқыған мәтіннен сұрақтарға жауап беретін бірнеше сөйлемді тауып, белгіле .Сәйкестендіріп айтып бер.

№	Сұрақтар	Жауаптар
1	Әр адамның міндеті қандай?	Бауыржан Момышұлы
2	«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды», - деген қайраткерді ата.	1787 жылы Дүниежүзіндегі тұңғыш конституция қабылданды.
3	Заң бойынша қылмыс жасаған балаға не істейді?	Заңды білу
4	Тұңғыш конституция қашан қабылданды?	16 жастан бастап толық әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік басталады.

5-тапсырма. Өткен сабақтағы мәтіндерден оқыған көркем айшықты сөздерді қатыстыра отырып, «Қылмысты болдырмаудың жолдары бар ма?» деген тақырыпта мақала, эссе, репортаж, ақпараттық мәтіндердің бірін таңдап жазыңыз.

- Қажетті тіркестер:
- құқықтық мемлекет, өз құқықтарын жету, заңды аттамай, тура жолмен жүру, еліне адал қызмет ететін азамат, заңды білу – заман талабы, жақсы қасиеттер, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам, құқықтық сауатсыздық, басқаның құқығын сыйламау, келеңсіз жағдайлар, қылмыстың қоғамдағы зияны, адам тағдырын адастыратын іс, шалыс қадам баспау, құқықтық
- Рефлексия
- Бүгін сабақ барысында маған маңызды болғаны
- Мен бүгін үйрендім.
- Маған қиын болғаны

Үйге тапсырма.

**Қазақ тілі мен әдебиеті оқулығы ,
авторы Оразбаева 148-бет 3-тапсырма
«Құқықбұзушылық, қылмыс
жақсылыққа апармайды»өз ойларын
жазу.**